

Бастауыш сынып бірлестігінің жылдық жұмысы туралы есебі 2023-2024оқу жылы

Әдістемелік бірлестіктің тақырыбы: Бастауыш сынып оқушыларына халықтық педагогикамен ұштастырып оқу-тәрбие үрдісін арттыру.

Мәселесі: Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін арттыра отырып,сауаттылыққа тәрбиелеу.

Бастауыш сынып бірлестігі қыркүйек айында жылдық жұмыс жоспарын құрды. Қыркүйек айында сынып жетекшілері күнтізбелік жоспарды бекіттірді.Дарынды балалармен атқарылатын жұмыс жоспарларын құрды.Тіл мерекесіне орай «Сөз-ойдың айнасы» атты тақырыпта мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.

Қазан айында 2-4 сынып оқушыларының математика, қазақ тілі дәптерлері тексеріліп, ондағы кемшіліктер талданды.Сонымен бірге оқушылардың оқу қарқыны тексеріліп,онда оқу нормасына жетпейтін оқушылармен қосымша жұмыс жасау ескертілді.

Қараша айында 2 сынып мұғалімі Мөтекей Сайран «Тілдік материалдарды сатылай кешенді талдай оқыту» атты баяндама оқып,ондағы мәселелерді ортаға салып,әр мұғалім өз пікірлерін айтып,баяндама талқыланды.

Хагай Балмира және Смусенко Е.Я ашық сабақ өткізіп,өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Және осы айда қазақ тілі пәнінен апталық өтті. Мұнда апталық жоспары бекітіліп, жұмыстар атқарылды.Апталықтың алғашқы күні «Мемлекеттік тілдің мәртебесі қайтсек көтеріледі?!»атты баяндама оқылды.2-4 сыныптар арасында «Мың бір мақал,жүз бір жұмбақ» сайысы ұйымдастырылды.Қараша айында бастауыш сыныптың апталығы өтті.Жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді.Орыс тілі пәнінен Гелисханова Н.С. қарашаның 14 күні диктант жазғызып,1-орын Жунисхан Ақжол,2-орын Ваисов Тимур 2-сынып,3-орын Базарова Меруерт 4-сынып.

Желтоқсан айында бастауыш сыныптар арасында (2,3,4 сыныптар) математика пәнінен олимпиада өткізілді.Олимпиада 2 кезеңмен өтті.Жақсы ұпай жинаған оқушылар іріктеліп,мынадай нәтижеге қол жеткізді.

1-орын Аманкелди Ернар 4сынып, 2-орын Жунисхан Ақжол 3 сынып, 3-орын Нагашбай Айдын 2-сынып.4 «Б» сынып оқушысы Фаткулов Иван мектепішілік орыс тілі олимпиадасына қатысып,1- орын,Ткачева Ксения 2-орын.Жалел Айша 3-орын. Осы оқушыларды аудандық олимпиадаға дайындау сынып жетекшілеріне тапсырылды.1-жарты жылдықтағы бақылау жұмыстары алынып, талдау жасалды. Жаңа жыл мерекесі де қызықты, әрі көңілді өтті.

.Сондай-ақ бастауыш сынып оқушылары «Ақ бота» интеллектуалды сайыстарға да қатысты.

Қаңтар айында қазақ тілі пәнінен оқушылардың білім, білік деңгейлерін тексеру мақсатында мектепшілік олимпиада өткізілді. Оған 2,3,4 сынып оқушылары қатысты.Олимпиада 2 кезеңмен өткізілді.

1-кезең тест-тапсырмаларына жауап беру,2-кезең шығарма жазу болды.

1-кезеңнен жақсы ұпай жинаған оқушылар келесі кезеңге іріктеліп алынды.Осы кезеңдер бойынша оқушылардың бағалық жүйелеріне қарай мынандай орындар беріліп, оқушылар марапатталды.

1-орын Оразбек Мөлдір 4 сынып, Рем Даниил 2-сынып

2-орын Нұралтай Каусар 3 сынып ,Ербол Нұрбибі 4- сынып

3-орын Хуандық Мансұр 2-сынып.Алданыш Аяла 3-сынып

1-4 сынып оқушыларының математика,қазақ тілі дәптерлері тексеріліп,ондағы орфографиялық ереженің сақталуы туралы ескертіліп,анықтама жасалды.Сонымен қатар сыныптан тыс жұмыстар үнемі өткізіліп отырды.

Оқушылардың күнделіктері тексерілді.1-4 сынып оқушыларының оқу қарқыны тексеріліп,оқу нормасына жетпейтін оқушылармен жекелей жұмыс жасау тапсырылды.

3-тоқсандық бақылау жұмыстары алынып, талдау жасалды. Наурыз мерекесі де өз дәрежесінде қызықты өтті.

Сынып жетекшілері арасында «Жаңа технологияны сабақта қолданудың тиімділігі» атты тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырылды.Әр мұғалім бұл тақырыпта өз ойлары мен пікірлерін ортаға салды. Сәуір айында 4 сынып оқушыларының орта буынға көшуіне байланысты орта буын мұғалімдерімен тәжірибе алмасып,сабақтарға қатысып, білім деңгейлерін тексерді.

4 «А» сыныбында «Қош бол, бастауыш мектебім» атты ертеңгілік те көңілді өтті.

Әр сынып жетекшілері жылдық қорытынды туралы есеп берді.

Бірлестік жетекшісі:

Шугайв К